

Бірынғай бюджеттік жіктемеге N 51 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 7 мамырдағы N 239 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 маусымда тіркеуді. Тіркеу N 1548

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірынғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірынғай бюджеттік жіктемесіне:

1) бюджет кірістерінің жіктемесіне:

1 "Салықтық түсімдер" санатында 7 "Басқа да салықтар" сыныбында 1 "Басқа да салықтар" ішкі сыныбында:

9-ерекшелік мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық түсімдер"; мынадай мазмұндағы ерекшелікпен толықтырылсын:

"10 Жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтық түсімдер";

2 "Салыққа жатпайтын түсімдер" санаты 1 "Кәсіпкерлік пен меншіктен түсетін кірістер" сыныбы 2 "Занды тұлғалардан және қаржы мекемелерінен түсетін салыққа жатпайтын түсімдер" ішкі сыныбы мынадай мазмұндағы ерекшеліктермен толықтырылсын:

"34 Үкіметтің сыртқы заемдары есебінен республикалық бюджеттен несиeler бергені үшін алынған сыйақылар (мұдделер)

35 Инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру шеңберінде республикалық бюджеттен несиeler бергені үшін алынған сыйақылар (мұдделер)";

5 "Бюджеттен берілген несиelerді өтеу" санатында 1 "Бюджеттен берілген несиelerді өтеу" сыныбында:

2 "Банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдарды қоспағанда, ұйымдардың өтеуі" ішкі сыныбында:

мынадай мазмұндағы ерекшелікпен толықтырылсын:

"1 Жергілікті бюджеттен берілген директивалық несие бойынша мерзімі өткен берешектерді қайтару";

2-ерекшелік мынадай мазмұнда жазылсын:

"Республикалық бюджеттен берілген директивалық несие бойынша мерзімі

өткен берешектерді қайтару";

5 "Бюджеттен берілген басқа несиelerді өтеу" ішкі сыныбында мынадай мазмұндағы ерекшеліктермен толықтырылсын:

"5 Үкіметтің сыртқы заемдары есебінен республикалық бюджеттен берілген несиelerді өтеу

6 Инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру шеңберінде республикалық бюджеттен берілген несиelerді өтеу

7 Ретроактивтік несиелендіру негізінде республикалық бюджеттен берілген несиelerді өтеу";

2) бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

7 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" кіші функциясы мынадай мазмұндағы мем.мекеме-бағдарлама әкімшісімен және бағдарламамен толықтырылсын:

"275 Астана қаласын дамыту бағдарламасына әкімшілік ету департаменті

35 Мемлекеттік қызметшілер үшін Астана қаласында тұрғын үй салу";

3 "Сумен жабдықтау" кіші функциясы мынадай мазмұндағы

мем.мекеме-бағдарлама әкімшісімен және бағдарламалармен толықтырылсын:

"275 Астана қаласын дамыту бағдарламасына әкімшілік ету департаменті

33 Вячеслав су қоймасынан бастап Астана қаласына дейін суағардың үшінші желісі құрылышын салу жобасын іске асыру

34 "К.Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды" каналынан бастап Есіл өзеніне дейін суағар салу".

2. Заң қызметі (К. Әбдіқалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов)

департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Министрдің
міндетін атқарушы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК